

Geliş : 24.11.2023

Revizyon : 23.01.2024

Kabul : 06.08.2024

□ Temirlan Jorabay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan

ҚЫПШАҚ-НОҒАЙ ТІЛДЕРІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме

Мақалада түркі тілдерінің классификациясы бойынша қыпшақ-ноғай тілдеріне жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикологиясына қатысты зерттеулердің негізгі бағыттары, өзекті тақырыптары мен әдіснамалық мәселелері қарастырылады. Аталған тілдердің лексикасына қатысты бүгінгі зерттеулердің жаңа міндеттерін айқындау және өзекті мәселелерін саралау үшін, ортақ тарихи даму кезеңдерінен өткен қыпшақ-ноғай тілдеріне қатысты бүгінгі күнге дейінгі зерттеулердің әдіснамалық мәселелеріне талдау жасау маңызды. Осы мақсатта қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикологиясы бойынша әр тілді жеке-жеке қарастырған зерттеулер мен жалпы түркі тілдеріне қатысты салыстырмалы лексикологиялық зерттеулер жинақталып, талдау жасалады.

Кілт сөздер: лексикология, семантика, лексикография, этимология, қыпшақ-ноғай тілдері

KIPÇAK-NOGAY DİLLERİNİN LEKSİKOLOJİSİ: ARAŞTIRMA VE METODOLOJİK SORUNLARI

Öz

Bu makale, Türk dillerinin sınıflandırılmasında Kıpçak-Nogay dillerine ait olan Kazak, Karakalpak ve Nogay dillerinin sözlükbilimine ilişkin araştırmaların ana yönlerini, güncel konularını ve metodolojik konularını ele almaktadır. Bu dillerin söz varlığı için, tarihsel gelişimin ortak aşamalarından geçen Kıpçak-Nogay dilleri üzerine yapılan genel leksikoloji araştırmaların metodolojik konularını analiz etmek sözlükbilimi çalışmaları ve genel olarak Türk dillerinin karşılaştırmalı sözlükbilimi çalışmaları toplamı analiz edilecektir.

Anahtar sözcükler: leksikoloji, anlambilim, sözlükbilim, etimoloji, Kıpçak-Nogay dilleri

Кіріспе

Қоғамда орын алатын қандайда бір өзгерістер мен жаңалықтар ең алдымен тілдің лексикалық қабатында көрініс табатыны белгілі. Бұл туралы түркітанушы К.Мусаев: «Тілдің фонетикасы да, грамматикасы да сол халықтың өмір сүру шарт-жағдайларынан лексика секілді толық хабар бере алмайды» деген болатын (Мусаев, 1984: 12). Осы тұрғыдан тарихи даму кезеңінің «ең жаңа дәуірінде» жаһандану үдерісінің жағымды-жағымсыз әсерлерін қабылдап, лингваконтактологиялық, әлеуметтік, саяси, т.б. түрлі өзгерістерге ұшырап отырған түркі тілдерінің лексикасына қатысты барлық бағыттағы зерттеулердің маңызы жойылмайтыны белгілі.

Түркі тілдерінің дәстүрлі классификациясында қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай атты тармағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері ортақ тарихи қалыптасу кезеңдерінен өткен, генеологиялық әрі ареалдық тұрғыда бір-біріне ең жақын тілдер болып есептеледі (Баскаков, 1952: 121-134). Бірі жойылу қаупі төнген тілдер қатарына іліксе (Eker & Çelik Şavk, 2016: 371-423), бірі ревитализация үдерісіне бет алған қыпшақ-ноғай бұтағындағы тілдердің лексикологиясы бүгінгі күнге дейін ортақ лексикалық белгілері тұрғысынан тілдік семья ретінде жеке қарастырылмады. Аталмыш тілдердің сөздік қорына қатысты еңбектерге шолу жасайтын болсақ, негізінен жалпы түркі тілдеріне ортақ салыстырмалы-тарихи лексикологиялық зерттеулер мен лексикографиялық еңбектерде, ара-тұра қыпшақ тобы тілдерінің қатарында, сондай-ақ кешенді түрде әрбір тілге қатысты жеке зерттеулерде қарастырылғанына көз жеткіземіз. Олардың қатарында: түркі халықтарының тарихын, географиясын, этнографиясы мен фольклорын, мәдениетін жан-жақты зерттеген XVIII-XIX ғасырлардағы еуропалық және ресейлік шығыстанушылар мен түркітанушылардың лексикографиялық еңбектері, сондай-ақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы ресейлік тілші ғалымдардың оқулықтары мен сөздіктері, XX ғасырдың орта шенінен бастап дами түскен әр тілге жеке тоқталған кеңестік ғалымдардың лексикологиялық, диалектологиялық зерттеулері мен сөздіктері және 1990 жылдардан бері қарай ұлттық тіл деңгейінде лексикологияның жаңа салалары тұрғысынан жасалып жатқан ізденістерді атауға болады. Ендігі кезекте осы аталған салыстырмалы-тарихи лексикологиялық, лексикографиялық және этимологиялық еңбектердің әрқайсысының ерекшеліктері мен нәтижелерін талдап-таразылап, қыпшақ-ноғай тілдерінің бүгінгі лексикологиясының теориялық-практикалық мәселелерін шешуге қажетті қорытындыларды шығару міндеті тұр.

Зерттеу әдістері

Жұмыстың мақсаты қыпшақ-ноғай тілдеріне қатысты лексикологиялық зерттеулердің негізгі бағыттарын және бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптарын, теориялық және практикалық түйткілді мәселелерін айқындау болғандықтан, мақалада тілбілімінде қалыптасқан салыстырмалы талдау әдісі, сондай-ақ; сипаттамалық, библиографиялық шолу, индукциялық және дедукциялық пайымдау, жинақтау және талдау сынды жалпы ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім

1. Қыпшақ-ноғай тілдерінің лексикасы жалпы түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясында

Тілді өміршең құбылыс ретінде қарастыратын болсақ әрі соңғы ширек ғасырдағы түркі халықтарының қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер мен даму динамикасын бағамдайтын болсақ, туыстас түркі тілдерін синхронды және диахронды бағытта зерттей

отырып, тарихи даму жолындағы өзгерістерін анықтау мәселесі түркітанудың лингвистикалық бағыттағы маңызды міндеттерінің қатарында күнтәртінде қала бермек. Себебі бұл саладағы зерттеулер тілдердің тарихи даму үдерісін айқындауға, бүгінгі таңдағы әлеуетін бағамдауға және келешекте орын алуы мүмкін өзгерістеріне қатысты болжамдар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл міндеттер тарихи салыстырмалы зерттеулер арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Салыстырмалы әдіс арқылы туыстас тілдердің сөздік қорындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктердің бірі – тілдің лексикалық қоры мен лексика-семантикалық жүйесі болып табылады. Түркі тілдерінің ареалдық картасында маңызды географиялық аймақта таралғандықтан, түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тобына жататын қыпшақ-ноғай тілдерінің лексикасын тарихи тұрғыда зерттеудің уақыт өткен сайын маңыздылығы артып келеді. Аталмыш тілдердің лексикологиясы түркітанушы ғалымдардың түркі тілдерін жалпы әрі кешенді қарастыруға тырысқан зерттеу еңбектерінен бастау алады.

Түркі тілдерінің лексикасын салыстыра зерттеу ең әуелі М.Қашқаридің еңбегінен басталды (Қашқари, 1997a, 1997b, 1998). Сөздікте XI ғасырда өмір сүрген түрік тайпаларының тілдеріндегі қолданыстарды бір-бірімен салыстыру арқылы мысалдар келтіріліп, сөздердің лексикалық мағынасының түсіндірмесі берілген. Олардың ішінде автордың өзі нақты «қыпшақша» деп белгілеген 9 етістік пен 35 есім сөз дыбыстық және лексика-семантикалық өзгеріске ұшырай отырып, қыпшақ тілдерінің қолданысына бүгінгі таңға дейін жетіп отыр (Торғак, 2003). Кейбірі тіпті ешқандай өзгеріссіз қыпшақ-ноғай тілінің жергілікті сөйленістерінде кездеседі. Мәселен *қырнақ* /qırnaq/ сөзі ҚХР-дағы қазақтар тілінде күң, құл, жалшы мағыналасында қолданылады (Қалиев және т.б., 2005). Осы тектес мол мағлұматтар қамтылған «Түрік тілінің сөздігі» лексикологиялық зерттеу нысаны ретінде қай кезеңде де маңызын жоғалтпайды.

Қыпшақ тобындағы қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, құмық, қарайым т.б. түркі тілдері туралы алғашқы сипаттамалық мағлұматтар XVIII ғасырда аталған халықтар мекен еткен өлкелерге саяхаттаған еуропалық және орыс зерттеушілерінің, кейбір әскери қызметшілердің еңбектерінде және ішінара жинақталған сөздіктерде кездеседі. П.С. Паллас, Г.-Л.Хр. Бакмейстер, Ф.П. Аделунг, М.Родионов, И.П. Фальк, А.Д. Скалон сынды ғалымдар мен офицерлер тарапынан жинақталған сөздіктер аталмыш тілдердің лексикографиясын қалыптастырудағы алғашқы еңбектер болы табылады (Малбаков,

Жалпы түркі тілдерінің лексикасына қатысты алғашқы зерттеулер қатарында XIX ғасырдағы лексикографиялық еңбектерді атауға болады: Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» (1860) атты еңбегі, А.Е. Алекторовтың «Киргизско-русский словарь» (1897) атты сөздігі, Мир-Салих Бекчуриннің «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» (1869) атты еңбегі және т.б. сөздіктер мен очерк жазбалардың жарияланымдарында түркі тілдері, оның ішінде қыпшақ тобындағы тілдердің жекелеген лексикалық топтары қарастырылып, орысша мағынасы берілді (Бекчурин, 1869; Дандыбаева, 2007; Ильминский, 1860). Бұл еңбектердің қатарын толықтырған В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігінде фактологиялық материалдар мол қамтылды. Өте мол тілдік деректерді қамтыған сөздікте түркі тілдерінің 32 диалектісінің лексикалық бірліктеріне анықтама берілген (Радлов,

Жалпы түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы, этимологиясы мен диалектологиясы бағытында кешенді зерттеулер XX ғасырдың екінші жартысында жүргізіле бастады. КСРО

Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының түркі тілдері секторы 1955 жылдан бастап жариялаған «Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков» атты еңбектің IV томы лексикаға арналып, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы барынша дендеп қарастырылды. Ұжымдық еңбекте Ф.Г. Исхаков, Н.А. Баскаков, В.Ф. Вещилова, С.А. Бурнашева сынды түркітанушылар өз мақалаларында түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігін жасау тәжірибесі, қарақалпақ, татар, түрік, т.б. тілдерінің лексикасына салыстырмалы талдаулар жасаған (Дмитриева, 1962). Түркі тілдерінің тарихи лексикасын арнайы қарастырған зерттеулердің бірі – 1961 жылы Е.М.Убрятованың редакторлығымен жарық көрген «Историческое развитие лексики тюркских языков» атты жинаққа енген Л.А. Покровская, А.М. Щербак, Ф.Г. Исхаков, Э.Р. Тенишев, А.А. Юлдашев, Н.З. Гаджиева мен А.А. Коклянованың ғылыми мақалаларында туыстық атаулардың, жан-жануар атауларының, сын есімдер мен етістіктердің ерекшеліктері сипатталып, тарихи-салыстырмалы лексикологиялық талдау жасалған (Убрятова, 1961). Осы тектес салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулер өз нәтижесін беріп, 1997 жылы Э.Р. Тенишевтің редакторлығымен «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика» атты көлемді еңбек жарық көрді (*2-толықтырылған басылымы – 2001 ж.; жауапты ред. – Е.А.Поцелуевский*). Еңбекте түркілік тектіл лексикасын құрайтын ортақ онимдердің тарихи өзгеру үдерісі бақыланып, лексикалық топтарға жіктей отырып, түркілік тектілдің 1000-ға жуық негізгі лексикасына категориялық және лексика-семантикалық аспектіде реконструкция жасалды. *Табиғи құбылыстар мен нысандар, Жануарлар әлемі және Адамға қатысты негізгі ірі үш топтан тұратын лексика-семантикалық тезауруста барлық түркі тілдерінің лексикалық бірліктері қамтылды* (Тенишев, 2001).

XVIII ғасырда бастау алып, XIX ғасырда көне түркілік және орта ғасырлық ескерткіштердің ғылыми айналымға енуімен, сөздіктердің құрастырылуымен қарқынды серпін алған лексикологиялық зерттеулер XX ғасырда кең өрістеп дамыды. Оның бір көрсеткіші тарихи және этимологиялық сөздіктердің жарық көруі болды. Осы бағыттағы кешенді жұмыстардың нәтижесінде дайындалған «Көне түркі сөздігінде» VIII-XIII ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі әртүрлі жазу жүйелері негізіндегі Орхон-Енисей, араб, ұйғыр, манихей, брахми секілді мұралардағы жиырма мыңға тарта сөз қамтылды. А.К. Боровковтың жетекшілігімен 1958 жылы басталған құрастыру жұмыстары 1965 жылы аяқталып, жан-жақты редакторлық сараптаулардан өткен соң, 1969 жылы жарияланған болатын (Наделяев және т.б., 1969). Жоғарыда аталған еңбектердің жүзеге асуына септігін тигізген әрі мерзімі бойынша қатар жүргізілген аса маңызды тарихи лексикологиялық еңбек – түркілік лексиканың этимологиясын кешенді түрде қарастырған Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» атты сөздігі болатын. Тарихи әрі синхронды әдіс арқылы түркі сөздерінің шығу төркінін айқындауға тырысқан этимологиялық сөздіктің дауысты дыбыстардан басталатын сөздердің ортақ және жалпы түркілік негіздерін қамтыған алғашқы томы 1974 жылы жарияланды. Ал дауыссыз дыбыстарға арналған басылымдары түрлі авторлардың редакторлығымен 2013 жылға дейін кезең-кезеңімен жарық көрді (Благова, 1997, 2000; Дыбо, 2003, 2013; Севортян, 1974, 1978, 1980; Севортян және Левитская, 1989).

Сонымен қатар түркі тілдерінің этимологиясының ілгерілеуіне ықпал еткен Сер Джерард Клоусонның «XIII ғасырға дейінгі түрік тілінің этимологиялық сөздігі» атты еңбегі – тек түркітану ғылымына емес, жалпы салыстырмалы-тарихи тіл біліміне өлшеусіз үлес қосқан шоқтығы биік туынды болып есептеледі (Clausen, 1972). Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін тануда, түркі тілдерінің лексикасын салыстырмалы-тарихи талдауда, сөздердің семантикалық даму үдерісін бағамдауда әрі этимологиялық, диалектологиялық, т.б. лексикографиялық еңбектерді түзуде жоғарыда аталған тарихи

лексикологиялық, этимологиялық еңбектермен бірге С.Дж. Клоусон сөздігі негізге алынады. Мәселен, сөздікте қамтылған көне түркі жазба ескерткіштер тілінің базальқ сөздерінің (жалпы 200 сөз көлемінде) қазіргі қазақ тілінде толық дыбыстық құрамын сақтап қолданылу жиілігі 20% (40 сөз), ал ешқандай дыбыстық сәйкестігі жоқ лексикалық бірліктер 16,5% (33 сөз) көрсеткіште екені анықталған (Çolak, 2019: 12).

Жалпы түркі тілдерінің лексикологиясын зерттеуде тікелей салыстырмалы талдаулардан тұратын тәжірибелік жұмыстармен қатар теориялық және әдіснамалық ізденістердің де маңызды екені белгілі. Этимологиялық, лексикографиялық және диалектологиялық сөздіктер түзу мәселелері, тілдің тарихи лексикалық қабаттарын айқындаудың басты қағидалары мен әдіс-тәсілдері және т.б. өзекті мәселелердің кешенді түрде қарастырылуы күрделі теориялық пайымдауларды қажет етеді. Осы бағытта жалпы түркі тілдерінің лексикологиясын жан-жақты қарастырып, өзекті теориялық мәселелерді кешенді түрде қамтыған бірден-бір маңызды еңбек К.М. Мусаевтің «Лексикология тюркских языков» атты монографиясы болып табылады. Аталмыш еңбекте түркі тілдерінің лексика-семантикалық дифференциациясы мен интеграциясы, өзара қарым-қатынасы, түркі тілдерінің диалектілері мен әдеби тілдердің арақатынасы, басқа тілдермен байланысы, түбір негіздердің құрылымы мен семантикасы, түркілік антропонимика мен топонимика сынды маңызды тақырыптарға тоқталып, сөздік қордың жаңа дәуірдегі даму үдерістері сарапталған болатын (Мусаев, 1984).

Қыпшақ тобындағы тілдердің лексикасына қатысты зерттеулер қатарында Әзірбайжан Ұлттық Ғылым Академиясының Нәсими атындағы тіл білі институты тарапынан жасалған соңғы жылдардағы ізденістер айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, «Қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің лексикасы» атты ұжымдық монографияда қыпшақ тобындағы тілдердің диалектілік және терминологиялық лексикасы, түркі тілдерінің тарихи жадын жаңғыртуға мүмкіндік беретін ономастикалық фактілер (топонимдер, антропонимдер және этнонимикалық деректер) анықталады. Сондай-ақ түркілік лексикасының тарихи даму үдерістерін қарастырған монография түркі тілдерінің лексикасының әртүрлі салаларын қамтыған ауқымды материалдарға негізделген зерттеулер жинағы болып табылады (Vəlieva, 2012). Сонымен қатар, «Түркі тілдеріндегі түбір негізді есім сөздердің лексика-семантикалық дамуы (салыстырмалы-тарихи аспектіде)» атты монографияда түркі тілдеріндегі есім сөздердің шығу төркіні салыстырмалы-тарихи аспектіде зерттеліп, өте ауқымды тілдік материалдарға сүйене отырып, семантикалық даму процесі талданады. Синхронды әрі диахрондық талдауларға негізделген зерттеу жұмысында мағына өзгеруінің объективті және субъективті себептері, есім сөздердің морфологиясы мен фоно-семантикалық даму жолдары лексикалық-тарықырыптық топтарға жүргізілген талдаулар негізінде айқындалған әріндәкі isim kökləri müqayisəli Çəkildə tədqiq olunur. Əsərdə zəngin faktlar əsasında türk ərində iGlənən isimlərdə baG verən mənə diferensiallaşması prosesi Gərh edilir. Diaxronik K.İ. Səmədovаның «Ортақ түркі лексикасындағы қыпшақ негізді сөздер және олардың ә. yazılmış bu tədqiqatda mənə dəyişmələrinin obyektiv və subyektiv səbəbləri əzirбайжан тіліндегі ареалдары» атты монографиясы «Диуани лұғат ит-түрик», «Родекс әууәһәддигилір, ән гәдим yazılı qaynaqlar əsasında isim köklərinin semantik inkiGatizlənilir. bəzi Kumaniyus» сынды тарихи жазба ескерткіштер тіліндегі лексикалық бірліктерге сүйене әрін архетиплери бərra olunur. etimologiyası araGdırilir. onların morfoloji və fono-semantik otырып, қыпшақ негізді түбір сөздердің этимологиясы мен лексика-семантикалық даму inkiGat qanunauyğunluqları aсiqlanir. Kitabda Azərbaycan dilçiliyində ilk dəfə olaraG yuzə vaxın үдерisін saralanaG шыққан, әрi əzirбайжан тіліне таралу арелдарын айқындаған. нәтижелі dilin materialında, analoji faktarında istifadə olunmuş, isim köklərinin ətrafı müqayisəli – zertteу жұмысы болып табылады. Бұл еңбектегі тілдік материалдар қыпшақ тобындағы inkiGatizlənilir. author: J. dropping-8. publisher: Baki. Elm. və təhsil. publisher-place: Baki, title: Turk dillərində isim жүргізуімен ерекшеленеді (Səmədova, 2019).

leksik-semantik inkişaf", "type": "book"}, "uris": ["http://www.mendeley.com/documents/?uuid=5daae1db-ddf9-əmli, 2012)], "plainTextFormattedCitation": "(Məhərrəmli, əhərrəmli, 2012).

2. Қыпшақ-ноғай тілдерін жекелей қарастырған лексикологиялық зерттеулер

Түркі тілдерінің лексикологиясы тарихында қыпшақ-ноғай тілдерінің лексикологиясы тілдік топ ретінде арнайы қарастырылмаса да, әр тілдің лексикасына жеке тоқталған біршама зерттеулер жасалды. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикалық жүйесін диалектологиялық, этимологиялық жұмыстарда салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеген ізденістер болды. Сондай-ақ, белгілі бір лексикалық-тақырыптық топтарға және тілдердің жалпы лексика-семантикалық жүйесіне жеке тоқталған ізденістер де бар.

Қазақ тілінің лексикологиясы нақты тілтанымдық кәсіби зерттеулер тұрғысынан ХХ ғ. 1960-1980 жылдары қазақ тіл білімінің диалектологиялық және этимологиялық ізденістерінде көрініс берді. Ол зерттеулердің тарихи бастауында тұрған Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев сынды ғалымдардың зерттеулері тұрса, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, М.Томанов, Ә.Құрысжанов, Ә.Ибатов, Б.Сағындықов, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Ә.Нұрмағанбетов, К.Хұсайынов, Ж.Манкеева, Е.Қажыбеков, М.Ескеева, А.Салқынбай т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі жалпытүркілік контексте қарастырылады. Қазақ әдеби тілінің тарихына арналған еңбектерде қазақ тілінің грамматикасы және стилистикасымен қатар лексикалық қорына, тарихи даму кезеңдеріне қатысты талдаулар жасалды. Ал жалпы түркі филологиясына қатысты қазақ ғалымдарының зерттеулерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: жалпы ескерткіштерге арналған, жеке ескерткіштерге арналған және жеке түркітанушыларға арналған (Шарапатұлы, 2011: 10-12).

Қазақ тілінің лексикологиясын ұлттық тілдің қалыптасу тарихымен және диалектологиясымен сабақтастыра зерттеген С.Аманжоловтың «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты монографиясы 1959 жылы жарық көрді. Қазақ тілі мен қазақ халқы тарихының, сондай-ақ қазақ диалектологиясы мен қазақ әдеби тілі тарихының мәселелерін баяндайтын күрделі зерттеуде қазақ тілінің негізгі үш диалектісінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері қарастырылған. Автор жасаған диалектологиялық сөздікте жеке облыстар мен аудандардағы қазақтардың тіліне тән көптеген сөздерге түсінік берілді (Аманжолов, . Бұл ізденістердің ізін ала Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» мен «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты монографиясы жарық көріп, тілдің маңызды мағыналық компоненті болып табылатын синоним сөздердің табиғаты мен лексика-семантикалық құрылымы айқындалды (Болғанбаев, 1962, 1970). Ал «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» 1984 жылы жарық көрді. Бұл сөздікте тек қазақ тіліндегі антонимдер түзіліп қана қоймай, жалпы тілдегі антонимия құбылысының семантикалық құрылымы мен антоним сөздердің зерттелуіне қатысты теориялық мәселелер талқыланды (Мусин, 1984). Дәл осы жылы лексикалық қордың маңызды бөлігі болып табылатын ономастикалық мәселелерді зерделеген «Тюркская ономастика» атты ұжымдық жинақ жарық көрді. Түркілік ономастиканың жалпы әдіснамалық мәселелеріне және этнонимия, топонимия, атропонимия мәселелеріне жеке тоқталған мақалалардың дені қыпшақ тобы тілдерінің материалдарына негізделді (Қайдаров және т.б., 1984).

Сонымен қатар бұл кезеңде «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» құрастырылып (Ысқақов et al., 1966), М.Балақаев, С.Исаев, Р.Сыздықованың қазақ әдеби тілінің тарихи қалыптасу кезеңдері мен заңдылықтарын зерделеген еңбектері жарық көрді (Сыздықова, 1993).

Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесін терең зерттеген еңбектер қатарында М.Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» атты монографиясын, сондай-ақ Б.Қалиев пен А.Жылқыбаеваның «Сөз мағыналарының негіздері» атты кітаптарын атауға болады. Осы

аталған еңбектерде қазақ тіліндегі лексикалық мағынаның құрылысы, лексикалық мағынаның тілдік жүйемен байланысы, паратигматикалық және синтагматикалық қатынастар туралы теориялық тұжырымдар жасалды (Қалиев, Жылқыбаева, 2002; Оразов, 1991).

Кейінгі жылдарда қайта толықтырылған ізденістер қатарына Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты кешенді еңбегін (Қалиев, Болғанбаев, 2006), Ғ.Қ. Хасановтың «Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы» атты монографиясын атай аламыз. Ғ.Қ. Хасанов өз еңбегінде қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің синтагматикасы, фразеологиялық синтагматика, сөз-синтагма, оған әсер етуші факторлар, синтагматикалық оппозициялар, омонимия мен полисемия синтагматикасы, метафорадағы комбинаторлы-синтагмалық қатынас және теңеулердегі синтагматикаларды кеңінен қарастырды (Хасанов, 2012).

Қарақалпақ тілінің лексикасы туралы шағатай тіліне қатысты зерттеуінде санаулы сөздерді талдап өткен венгер ғалымы Г.Вамбериден басқа XX ғасырға дейін тілдің табиғи ерекшеліктерінен толық хабар беретін еңбектерді кездестіре алмаймыз. Тек ресейлік шығыстанушы И.А. Беляевтің еңбектерінде ғана қарақалпақ фольклорлық мұраларымен бірге тілдік деректері жан-жақты сипатталып, басқа түркі тілдерінен ерекшелігін негізгі дыбыстық айырмашылықтары және жергілікті сөйленістерінен мағлұмат беретін грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері туралы деректер қамтылған болатын (Насыров, 1976: 11-19).

Қарақалпақ тілінің лексикасын тілтанымдық негізде алғаш қарастырған Н.А. Баскаков 1926-1931 жылдардағы С.Е. Малов және т.б. ғалымдармен бірге Қарақалпақстанның түрлі аймақтарына жасалған экспедицияларының нәтижесінде «Краткая грамматика каракалпакского языка» атты еңбегін жариялады (Баскаков, 1931). Бұл еңбекте қарақалпақ тілінің фонетикасы, грамматикасымен бірге лексикасы хақында да сөз етіледі. Осы кезеңнен бастап Н.А. Баскаков қарақалпақ тілінің диалектологиясы, фонетикасы мен морфологиясы, лексикалық құрамы мен құрылымы жөнінде көлемді ізденістер жасап, нәтижесінде «Каракалпакский язык I. Материалы по диалектологий (тексты и словарь)», «Каракалпакский язык II. Фонетика и морфология. (Части речи и словообразование)» атты ірі еңбектерін (Баскаков, 1951, 1952b), қарақалпақша-орысша (30 000 жуық сөз) және орысша-қарақалпақша (47 000 жуық сөз) сөздіктерін жариялады (Баскаков, 1958, 1967).

Н.А. Баскаков жекелеген зерттеулерінде Қарақалпақ тілі лексикасының тарихи дамуы мен қалыптасу жолына кеңінен тоқталды (Баскаков және Дмитриева, 1962: 69-100). Қарақалпақ тілінің барлық құрылымдық деңгейлерін қамтыған көп томдық еңбектің 4-томы лексикаға арналды (Баскаков, 1996). Сонымен қатар 1950-1960 жылдары қарақалпақ әдеби тілінің тарихы мен терминологиясына, тарихи лексикологиясына қатысты К.Аимбетов, Р.Есемуратова, И.Т. Сагитов, А.Нурмаханов, А.Қдырбаев, Е.Дауенов, Е.Бердимуратов сынды зерттеушілердің мақалалары мерзімді басылымдарда жарияланып отырды (Насыров, 1976: 40-44).

Қарақалпақ тілінің лексикологиясын зерттеуге дендеп кіріскен Е.Бердимуратовтың «Хәзірги заман қарақалпақ тили. Лексика», «Хәзірги заман қарақалпақ тилинің лексикологиясы» және «Әдебий тилдің функционаллық стильлеринің раўажланыўы менен қарақалпақ лексикасының раўажланыўы» атты еңбектері қарақалпақ лексикологиясының дамуына сүбелі үлес қосты. Аталмыш еңбектерде қарақалпақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі (сөз мәнісі), сөздік қоры мен құрылымы, этимологиясы, фразеологиясы, диалектілік және кәсіби-терминологиялық лексика, лексиканың стильдік ерекшеліктеріне байланысты қолданылуы, сондай-ақ лексикографиялық мәселелеріне

дейін қамтылды (Бердимуратов, 1964, 1968, 1973). Ал қарақалпақ топонимикасына жеке тоқталған Қ.Әбдимуратовтың «Неге ұсылай аталған?» атты еңбегінде топонимиканың зерттеу мәселелеріне, топонимдердің этимологиясына және Қарақалпақстанның көл атаулары мен ірі қалаларының атауларына топонимикалық талдаулар жасалды (Әбдимуратов, 1965). Сонымен қатар диалектология саласында 1980 жылдары қарақалпақ тілінің батыс диалектісін және жалпы диалектілік лексикологиясын зерттеген О.Доспановтың еңбектері жарық көрді (О. Доспанов, 1980; У. Доспанов, 1977). Жаңа ізденістер нәтижесінде тың деректерге қол жеткізіліп, «Қарақалпақ тилинің диалектологиялық сөзлігі» құрастырылды (Насыров және Доспанов, 1983).

Қарақалпақ тілінің тарихи дамуы мен қалыптасу жолын зерттеуде 1976 жылы Д.С.Насыровтың «Становление каракалпацкого общенародного разговорного языка и его диалектная система» атты ірі зерттеу еңбегі жарық көрді. Еңбекте қарақалпақ тілінің зерттелу тарихына, қарақалпақ халқының тарихына жеке тоқтала отырып, қазіргі қарақалпақ тілі мен көне түркі және орта түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер тіліндегі ұқсастықтар тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастырылды. Сондай-ақ, тұңғыш рет қарақалпақ тілінің қыпшақ тобындағы қыпшақ-ноғай тілдерінің жүйесіндегі орны айқындалған болатын (Насыров, 1976: 213-219).

Кейінгі жылдарда қарақалпақ тіліндегі лексикалық-тақырыптық топтарға байланысты ізденістер: кәсіби терминдер (егіншілік, балықшылық, т.б.), туыстық атаулар, әскери лексика, тұрмыстық лексика, зоонимдер мен өсімдік атаулары және т.б. табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмір салаларын қамтыған зерттеулер кең өріс алды (Дәулетов және Пахрадинов, 2008).

Ноғай тілінің лексикасы да ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап лингвист түркітанушы Н.А. Баскаковтың алғашқы диалектологиялық зерттеу жұмыстарынан кейін лексикологиялық пайымдауларға іліне бастады. ХХ ғасырдың басына дейін ортақ жазу жүйесі қалыптаспаған ноғайлардың алғашқы басылымдары ақноғай және қарағаш ноғай диалектілерінде жарияланып жүрсе, 1920-1930 жылдардағы жазу реформаларынан кейін ортақ әдеби нормалар қалыптасып, жалпы халық бір негізгі тілде оқып-жаза бастағаны байқалған. Н.А. Баскаковтың экспедициялық жұмыстары нәтижесінде «Ногайский язык и его диалекты» атты еңбегі жарық көріп, ноғай тілінің фонетикасы, лексикасы, сөздік қоры мен құрылымы, грамматикалық категориялары, синтаксистік жүйесі айқындалып, ноғай тілінің төл сөздерінің классификациясы жасалды, морфологиялық жүйесіне толық сипаттама берілді (Баскаков, 1940). Салыстырмалы лексикологиялық жұмыстар жалғасын тауып, 20 мыңға жуық сөзді қамтыған орысша-ноғайша сөздік құрастырылды (Абдулжалилов және т.б., 1956). Аталған еңбектердің негізінде диалектологиялық ізденістер де дами түсті. Әр диалектіні жеке қарастырып, ақноғай диалектісі туралы С.А. Калмыкованың (Дыбо, 2010; Калмыкова, 1965), кейіннен қарағаш-ноғайлардың тілдік ерекшеліктері туралы Л.Ш. Арслановтың ғылыми ізденістері жүзеге асырылды (Арсланов,

1973 жылы ноғай тілінің фонетикасы мен морфологиясын жеке алып қарастырған ұжымдық еңбекте сөз таптары мен олардың категориялары, сөзжам үдерістері туралы баяндалды (Калмыкова & Саруева, 1973)

1990 жылдар мен 2000 жылдардың басында ноғай тілінің лексикологиясындағы тың тақырыптар игеріле бастады. М.А. Булгарова ноғайлар қоныстанған жерлердің топонимикасын, тарихи атауларын зерттеді (Булгарова, 1999, 2016). Ю.И. Караев тілдің көнерген лексикасын зерделей отырып лексиканың поссивтену құбылысын, архаизмдердің табиғатын қарастырып, ноғай тілінің тарихи лексикологиясына жаңа

серпін берсе (Каракаев, 1999), С.А. Кукаева егіншілікке қатысты лексика бойынша кандидаттық зерттеу жұмысында тарихи-генетикалық қабаттары мен лексика-семантикалық топтары, жаңадан термин жасалу жүйесін зерттеді (Кукаева, 2005). Сондай-ақ, Ф.Ш. Атакаева «Ориентализмы в ногайском языке» атты кандидаттық диссертациясында ноғай тіліне араб, парсы және моңғол тілдерінен, сондай-ақ көрші шығыс түркі тілдерінің говорларынан енген сөздерді қарастырды.

Көп жылғы лексикографиялық еңбектердің нәтижесінде С.А. Калмыкова бастаған тілшілер тобы ноғайша-орысша сөздікті толықтырып, қайта шығарды (Калмыкова және б., 2018). Осы аталған еңбектердің ізін жалғап, 2014 жылдан бері ноғай халқының тіліне, мәдени, саяси, әлеуметтік және тарихи мәселелеріне арналған дәстүрлі ғылыми конференциялар ұйымдастырылып келеді. Аталмыш конференцияларда ноғай тілінің лексикасына, онимдеріне қатысты маңызды зерттеулер жарияланып келеді: Доған Исмаил Мехметтің «Nogay destanlarinin kelime hazinesi», Ю.И. Каракаев пен Э.Ю. Каракаеваның «Ногайская общественно-политическая лексика и терминология: проблемы и пути их решения» атты мақалаларында (Суюнова et al., 2014); Е.С. Айбазованың «Термины родства по крови в ногайском языке», М.А. Булгарованың «Родоплеменные названия в ногайской топонимии», Ф.Г. Хисамитдинованың «Ногайская ономастика в Башкортостане», С.А. Кукаеваның «Названия одежды в ногайском языке: (этнолингвистический аспект)», Р.С. Нурмухаметованың «Общие ногайско-татарские лексические элементы в названиях пищи», М.Р. Саттарованың «Ногайский языковой субстрат в татарском диалектном языке», Ю.И. Каракаев «Из животноводческой лексики ногайского языка (названия крупного рогатого скота)», Ф.Т.Боташеваның «Бытовая лексика карачаево-балкарского и ногайского языков (названия кухонной утвари)» тақырыбындағы жарияланымдарында (Суюнова et al., 2016); С.А. Кукаеваның «Названия традиционных мучных блюд в ногайском языке», И.Б. Мусакаевтың «Лексика рыболовства в ногайском языке», В.А. Фоменконың «О некоторых ногайских топонимах Центрального Предкавказья» сынды зерттеулерінде (Суюнова et al., 2019) ноғай лексикасының жан-жақты салалары мен тақырыптық топтары қазіргі тілдік жағдай тенденциясынан және салыстырмалы-тарихи тұрғыдан да қарастырылғанын көре аламыз.

Ноғай тілі лексикологиясының ендігі басты міндеті – академиялық түсіндірмелі сөздігін дайындау, электронды аударма жасауға мүмкіндік беретін базалық кешенді қалыптастыру сынды жұмыстар атқырылу қажеттілігін байқаймыз.

Қорытынды

Қыпшақ-ноғай тілдерінің лексикологиясы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары мен лексикографиялық еңбектерге шолу жасай отырып, әрбір тілдің өзіне тән зерттеу бағыттары қалыптасып, теориялық негіздері айқындалғанын көре аламыз. Лексикологиялық ізденістердің қарқынды әрі нәтижелі жүруіне мүмкіндік беретін ең алдымен – лексикалық қордың барынша мол әрі кешенді қамтылған лексикографиялық базасының қалыптасуы қажет. «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі» мен «Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі» сөздігі, т.б. лексикографиялық еңбектердің электронды базасы жасақталуы арқылы бүгінде қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауға мүмкіндік туындап отыр. Осы тұрғыда қарақалпақ тілінің түсіндірмелі сөздігінің жаңа толықтырулармен қайта басылуы, одан әрі дамытылуы қажеттігі туындап отырғаны белгілі. Сондай-ақ, бір семьялық топ ретінде қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін ортақ лексика-семантикалық даму жүйесі тұрғысынан қарастырған еңбектердің жоқтығына да көз жеткізілді. Сонымен бірге мақалада лексикологиялық және лексикографиялық жұмыстардың мол қоры

жинақталып, алдағы үш тілге ортақ лексика-семантикалық зерттеулерде кешенді түрде қамту мүмкіндігі пайда болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish.* Oxford: Clarendon Press.
- Çolak, K. (2019). Clauson'un Temel Söz Varlığının Türkiye Türkçesi ve Kazak Türkçesi Açısından Leksikoistatikselsel İncelenmesi. *Korkut Ata Türkiyat Uluslararası Türk Dili ve Edebiyatı Araştırmaları Dergisi*, 1(1), 26–45.
- Eker, S., & Çelik Şavk, Ü. (Eds.). (2016). *Tehlikedeki Türk Dilleri III: Disiplinlerarası Yaklaşımlar, Cilt 4* (Uluslararası).
- Məhərrəmli, B. (2012). *Türk dillərində isim köklərində leksik-semantik inkişaf* (H. Quliyev (Ed.); Azərbaycan). Bakı: "Elm və təhsil."
- Səmədova, K. İ. qızı. (2019). *Ortaq türk leksikasında qıpçaq mənşəli sözlər və Azərbaycan dilində arealları*. Ankara: İksad publishing house.
- Toprak, F. (2003). DİVÂNİ LÜGATİT-TÜRK'TE "KIPÇAKÇA" KAYDIYLA VERİLEN KELİMELERİN TARİHİ KIPÇAK SÖZVARLIĞI İÇİNDEKİ YERİ. *Turkoloji Dergisi*, 16(2)(01.05.2003), 79–90. https://doi.org/10.1501/Trkol_0000000034
- Vəlieva, K. A. qızı. (2012). *QIPÇAQ QRUPU TÜRK DİLLƏRİNİN LEKSİKASI* (K. Vəlieva (Ed.)). Bakı: "Nurlan."
- Абдулжалилов, Ф. А., Джанбидаева, К. К., Калмыкова, С. А., & Курманалиев, М. К. (1956). *Русско-ногайский словарь*. (Н. А. Баскаков (Ed.)). Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей.
- Аманжолов, С. (2004). *Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері*. Алматы: Сөздік-Словарь.
- Арсланов, Л. Ш. (1992). *Язык карагашей-ногайцев Астраханской области*. Елабужский Государственный педагогический университет.
- Әбдимуратов, Қалендер. (1965). *Неге усылай аталған? (Қарақалпақ топонимикасының тарихынан)*. Нөкіс: "Қарақалпақстан" баспасы.
- Баскаков, Н. А. (1931). *Краткая грамматика каракалпакского языка* (Н. А. Баскаков (Ed.)). Турткуль.
- Баскаков, Н. А. (1940). *Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь*. (Н. К. Дмитриева (Ed.)). Москва: Издательство Академии наук СССР.
- Баскаков, Н. А. (1951). *Каракалпакский язык I. Материалы по диалектологий (тексты и словарь)*. Москва: Издательство академии наук СССР.
- Баскаков, Н. А. (1952a). К ВОПРОСУ О КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ. *Известия АН СССР. Отделение Литературы и Языка*, XI(2), 121–134.
- Баскаков, Н. А. (1952b). *Каракалпакский язык II. Фонетика и морфология. Часть I (Части речи и словообразование)*. Москва: Издательство академии наук СССР.
- Баскаков, Н. А. (1958). *Қарақалпақша-русша сөзлік*. Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей.

- Баскаков, Н. А. (1967). *Русско-каракалпакский словарь* (Н. А. Баскаков (Ed.)). Москва: Советская энциклопедия.
- Баскаков, Н. А. (1996). *Каракалпакский язык IV. Лексика*. Нукус: Издательство “Каракалпакстан.”
- Баскаков, Н. А., & Дмитриева, Н. К. (1962). *Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть IV. Лексика* (Н. К. (1962). И. по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Л. М. И.-во А. наук С. Баскаков, Н. А., & Дмитриева (Ed.)). Москва: Изд-во Академии наук СССР.
- Бекчурин, М.-С. (1869). *Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана и с русско-персидско-татарскими словами, расположенными по предметам, разговорами и прописями* (Казанский). Казань: Университетская типография.
- Бердимуратов, Е. (1964). *Хәзирги заман қарақалпақ тили. Лексика*. Қарақалпақ Мемлекетлик Баспасы.
- Бердимуратов, Е. (1968). *Хәзирги заман қарақалпақ тилинің лексикологиясы*. Қарақалпақ Мемлекетлик Баспасы.
- Бердимуратов, Е. (1973). *Функционаллық стильлердің раўажланыўы менен қарақалпақ тили лексикасының раўажланыўы*. Нукус: Каракалпакстан.
- Благова, Г. Ф. (1997). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы “К”, “Қ”* (Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, & В. И. Рассадин (Eds.)). Москва: “Языки русской культуры.”
- Благова, Г. Ф. (2000). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву “Қ”* (Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, & В. И. Рассадин (Eds.)). Москва: Индрик.
- Болғанбаев, Ә. (1962). *Қазақ тілінің синонимдер сөздігі*. Алматы: Ғылым.
- Болғанбаев, Ә. (1970). *Қазақ тіліндегі синонимдер*. Алматы: Ғылым.
- Булгарова, М. (1999). *Ногайская топонимия Ставрополя и Дагестана*. Ставрополь: Ставропольсервисшкола.
- Булгарова, М. (2016). *Ногайдынъ байыр атлары*. Карачаево-Черкесское книжное издательство.
- Дандыбаева, Г. Т. (2007). Вклад А.Е.Алекторова в создание учебников и учебных пособий для русско-казахских школ. *Вестник КарГУ. Сер. История, Философия, Право.*, 4, 31–36.
- Дәўлетов, А., & Пахраддинов, Қуралбай. (2008). *Қарақалпақ тил билими (библиографиялық көрсеткіш)*. Нөкіс: “Билим.”
- Дмитриева, Н. К. (1962). *Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: Лексика. – 4 т.* (Н. К. Дмитриева (Ed.); Академия н). Москва: Издательство Академий наук СССР.
- Доспанов, О. (1980). *Диалектная лексика каракалпакского языка*. Нукус: Издательство “Каракалпакстан.”
- Доспанов, У. (1977). *Қарақалпақ тили кубла диалектінің лексикасы*. Нөкіс: “Қарақалпақстан” баспасы.

- Дыбо, А. В. (2003). *Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С»* (Д. М. Насилов, Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, & Г. Ф. Благова (Eds.)). Москва: Восточная литература РАН.
- Дыбо, А. В. (2010). *Диалекты тюркских языков: очерки* (А. В. Дыбо (Ed.)). Москва: Восточная литература РАН.
- Дыбо, А. В. (2013). *Этимологический словарь тюркских языков. Этимологический словарь базисной лексики тюркских языков*. Астана: ТОО "Prosper Print."
- Ильминский, Н. И. (1860). *Материалы к изучению киргизского наречия* (В типограф). Казань: Типография Казаньского Университета.
- Кайдаров, А. Т., Баскаков, Н. А., Джанузаков, Т. Д., & Суперанская, А. В. (Eds.). (1984). *Тюркская ономастика*. Алматы: Наука.
- Калмыкова, С. А. (1965). *Акногайский диалект ногойского языка*.
- Калмыкова, С. А., Булгарова, М., & Кукаева, С. (2018). *Ногайско-русский словарь* (К. Мусаев (Ed.)). Москва: Наука - Восточная литература.
- Калмыкова, С. А., & Саруева, М. Ф. (1973). *Грамматика ногойского языка. Фонетика и морфология*. (Н. А. Баскаков (Ed.)). Карачаево-Черкесское отделение Ставропольского книжного издательства.
- Каракаев, Ю. И. (1999). *Устаревшая лексика ногойского языка*. Казанский Государственный педагогический университет.
- Кукаева, С. А. (2005). *Лексика земледелия в ногойском языке*. Карачаево-Черкесское книжное издательство.
- Қалиев, Ғ., & Болғанбаев, Ә. (2006). *Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы*. Алматы: Сөздік-Словарь.
- Қалиев, Ғ., Нақысбеков, О., Сарыбаев, Ш., & Үдербаев, А. (Eds.). (2005). *Қазақ тілінің аймақтық сөздігі*. Алматы: Арыс.
- Қалиев, Б., & Жылқыбаева, А. (2002). *Сөз мағыналарының негіздері*.
- Қашқари, М. (1997a). *Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): Үш томдық, 1-том*. (А. Егеубай (Ed.)). Алматы: ХАНТ.
- Қашқари, М. (1997b). *Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): Үш томдық, 2-том*. (А. Егеубай (Ed.)). Алматы: ХАНТ.
- Қашқари, М. (1998). *Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): Үш томдық, 3-том*. (А. Егеубай (Ed.)). Алматы: ХАНТ.
- Малбаков, Б. (1992). *История казахской лексикографии (2 половина XVIII в. - 1917 г.)*. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. (р. 29). Алматы.
- Мусаев, К. (1984). *Лексикология тюркских языков* (А. Юлдашев (Ed.); Академия н). Москва: Наука. <https://e.nlrs.ru/open/52234>
- Мусин, Ж. (1984). *Қазақ тілінің антонимдер сөздігі* (Ә. Болғанбаев (Ed.)). Алматы: Мектеп.
- Наделяев, В. М., Насилов, Д. М., Тенишев, Э. Р., & Щербак, А. М. (Eds.). (1969). *Древнетюркский словарь* (Институт я). Ленинград: Наука.

- Насыров, Д. С. (1976). *Становление каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система* (А. Бекбергенов (Ed.)). Издательство “Каракалпакстан.”
- Насыров, Д. С., & Доспанов, О. (1983). *Қарақалпақ тилинің диалектологиялық сөзлиги*. Нөкіс: “Қарақалпақстан” баспасы.
- Оразов, М. (1991). *Қазақ тілінің семантикасы*. Алматы: “Рауан.”
- Радлов, В. В. (1893a). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 1: Часть I*. Типография Императорской Академии наук.
- Радлов, В. В. (1893b). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 1: Часть II*. (Типография).
- Радлов, В. В. (1899a). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 2: Часть I*. (Типогр. Им).
- Радлов, В. В. (1899b). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 2: Часть II*. (Типогр. Им). Типогр. Импер. Акад. наук.
- Радлов, В. В. (1905a). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 3: Часть I*. (Типогр. Им). Типогр. Импер. Акад. наук.
- Радлов, В. В. (1905b). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 3: Часть II*. (Типогр. Им). Типогр. Импер. Акад. наук.
- Радлов, В. В. (1911a). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 4: Часть I*. (Импер. Ака). Типогр. Импер. Акад. наук.
- Радлов, В. В. (1911b). *Опыт словаря тюркских наречий. Том 4: Часть II*. (Императорс). Типогр. Импер. Акад. наук.
- Севортян, Э. В. (1974). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные* (Э. В. Севортян (Ed.)). Москва: Наука.
- Севортян, Э. В. (1978). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву “Б”* (Э. В. Севортян (Ed.); Институт я). Москва: Наука.
- Севортян, Э. В. (1980). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву “В”, “Г” и “Д”* (Э. В. Севортян (Ed.); Институт я). Москва: Наука.
- Севортян, Э. В., & Левитская, М. (1989). *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы “Ж”, “Ж”, “Й”*. Москва: Наука.
- Суюнова, Н., Кидирниязов, Д., Булгарова, М., & Кукаева, С. (Eds.). (2019). *НОГАЙЦЫ: XXI ВЕК ИСТОРИЯ. ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ОТ ИСТОКОВ – К ГРЯДУЩЕМУ* Материалы Третьей Международной научно-практической конференции (КАРАЧАЕВО-). ООО «РИА-КМВ».
- Суюнова, Н., Кидирниязов, Д. С., Булгарова, М. ., & Кукаева, С. А. (2016). *Ногайцы: XXI век. История. Язык. Культура. От истоков — к грядущему*. (Н. Суюнова, Д. С. Кидирниязов, М. . Булгарова, & С. А. Кукаева (Eds.)). Карачаево-Черкесское книжное издательство.
- Суюнова, Н., Курмансеитова, А., & Кукаева, С. (Eds.). (2014). *Ногайцы: XXI век. История. Язык. Культура. От истоков — к грядущему. Материалы Первой Международной научно-практической конференции* (КАРАЧАЕВО-). ООО «ТИПОГРАФИЯ Ставрополье».
- Сыздықова, Р. (1993). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: Ана тілі.
- Тенишев, Э. Р. (2001). *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика*. (Российская). Москва: Наука.

- Убрятова, Е. И. (1961). *Историческое развитие лексики тюркских языков. (сборник статей)* (Академия н).
- Хасенов, Ғ. Қ. (2012). *Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы*. М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы.
- Шарапатұлы, Ш. (2011). *Түркі лексикасының семантикалық деривациясы: (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша)*. Алматы: Кантана-пресс.
- Ысқақов, А., Сыздықова, Р., & Сарыбаев, Ш. (1966). *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі*. Алматы: Ғылым.